

*“Арқалық қаласы әкімдігінің қалалық тілдерді оқыту орталығы”  
КММ*

# **IV тарау**

## **Табысты болам десеңіз**

**B2 ортадан жоғары  
деңгей**

*Қазақ тілінің оқытушысы : Жазира Смағұлова*





***Тапсырмалар орындау***

# ЖАЗЫЛЫМ



## 1. Қажетті шылауды қойыңыз.

Біресе қалаға барғысы келеді, ..... ауылға кеткісі келеді. Бір шешім қабылдай алмай жүр.

Оның баласы сабаққа бірде дайындалады, ..... дайындалмайды.

Кассада билет кейде болады, ..... кейде болмайды. Билетті ерте сатып ал.

Пойыз біресе жылдам жүреді, ..... ақырын жүреді. Уақытында келмеуі мүмкін.

Ол тапсырманы кейде түсінеді, ..... түсінбей қайта сұрайды.

# ЖАЗЫЛЫМ



## 2. Дұрыс нұсқасының астын сызыңыз.

**Барлық/барлығы** адам жұмыста табысқа жеткісі келеді

Сол күні маған әріптестерімнің **бәрі/бәрінің** қол ұшын берді

Ертең жиналысқа **түгел/түгелі** келеміз

Ол жиналған **барша/баршаның** халықтың алдында еркін сөйлейді

Құжаттардың **барлығы/барлық** көшірмесін ертеңге дейін жасау керек

Менде бар кітаптың **бәрі/бәріне** осы. Барлығын/барлық алып келдім.

**Барлық/барлықтары** адамдармен тіл табысып, қарым-қатынас жасау өте қиын.

## 3.Оқыңыз

ТАБЫСТЫ БОЛАМ ДЕСЕҢІЗ

**Жаман әдеттерден арылыңыз!**

Жұмыста сағыз шайнамаңыз, күбірлеп сөйлеп, өзгенің мазасын жөнсіз алмаңыз, өз бойыңыздағы барлық жағымсыз қылықтардан арылыңыз. Бірде жұмысқа кешігіп, бірде келмей қоюдан аулақ болыңыз.

**Біліктілігіңізді арттырыңыз!**

Басқа міндет жүктеліп жатса, өз міндетіңізді өзгеге тапсырып, оны орындауға ұмтылыңыз. Жаңа іске кірісуге жүрексінбеңіз. Жаңа тапсырмаларды орындау арқылы сіз өзіңіздің кәсіби біліктілігіңізді арттырасыз.

**Жылы-жылы сөйлесең, жылан іннен шығады!**

Айналаңыздағылармен жылы қарым-қатынаста болыңыз. Өзіңіздің жеке басыңыздағы жағдайлармен бөлісіп, сырыңызды айту қажет емес. Бәрімен әрдайым сыпайы болып, қуаныш пен қайғысына ортақтасып жүріңіз. Еш уақытта өзгені жамандап, қаңқу сөздер айтпаңыз. Өз ортаңыздағы мәселелерді сыртқа шығармаңыз.

**Өзгені де құрметтеңіз!**

Әріптестеріңіз өз ойын білдіріп жатса, мұқият тыңдаңыз. Әріптестеріңіздің жеке бас мәселелеріне, қызығушылықтары мен өмірлік ұстанымдарына қол сұқпаңыз. Оны «телефоның қанша тұрады» деген сияқты жөнсіз сұрақтармен мазасын алмаңыз.

## **Қол ұшын созыңыз!**

Өзіңізді ғана ойламай, жұмысыңыздан қолыңыз босаған кезде жаныңыздағы әріптестеріңіздің бәріне көмектесіңіз немесе оған ақыл-кеңес айтып, бағыт-бағдар беріңіз. «Адамның күні адаммен» дегенді естен шығармаңыз.

## **Уақытты бағалаңыз!**

Тапсырманы уақытында орындаңыз. Егер де жұмысым нәтижелі болсын десеңіз, оған барлық күшіңізді салып, жауапты қараңыз. Уақытты қадағалай отырып, сіз өз ісіңізді тыңғылықты әрі сәтті орындап шығасыз.

## **Салғырттыққа жол жоқ!**

Әр мекеменің өз заңдылықтары бар. Сол заңдылықтарды ұстаныңыз. Кездесу жиналыстарда өзгелермен бірге өзекті мәселелерді талқылап, өз ойыңызды білдіріңіз. Белсенділік танытпай, қызығушылық білдірмей, жан-жағыңызға қарап, біресе телефонмен хабарлама жазып, біресе ойын ойнасаңыз, өзгелер сіздің жұмысқа деген салғырттығыңызды аңғарады.

## **Ықылас білдіріңіз!**

Әрдайым қызметке қатысты ойларыңызбен бөлісіп, ісіңізді жақсы атқаруға ұмтылыңыз. Сіздің жұмысқа деген ынтаңызды көрген басшылық сізді байқап, мәртебеңізді көтереді. Ықыласыңыз болмаса, сіздің тасыңыздың өрге қарай домалауы екіталай.

## Жан – жақты болыңыз!

Жан – жақты болуға ұмтылыңыз. Кәсібіңізге байланысты соңғы жаңалықтарды, қосымша мәліметтерді оқып, оны өзгелермен бөлісіңіз.



### 4. Төмендегі ойларды мәтін бөліктеріне сәйкестендіріп орналастырыңыз.

|       |                                    |
|-------|------------------------------------|
| ..... | 1. Үлкенге – құрмет, кішіге - ізет |
| ..... | 2. Жан – жақты болу                |
| ..... | 3. Уақыт – қымбат                  |
| ..... | 4. Бойдағы жаман әдеттерден арылу  |
| ..... | 5. Өзімшіл болу                    |
| ..... | 6. Жұмысты бар ниетпен жасау       |
| ..... | 7. Немқұрайлылық танытпау          |
| ..... | 8. Жылы қарым-қатынас орнату       |
| ..... | 9. Жаңа жұмыстардан қорықпау       |

# Сабақты қорыту

## 5. Кестені толтырыңыз.

[illegible]



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАҚМЕТ!**